

**Ж.С. УТЕГЕНОВА,<sup>1</sup>**  
докторант.  
Л.Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті<sup>1</sup>

## **ӨНЕРКӘСІП КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫН ТЕОРИЯЛЫҚ ТАЛДАУ**

### **Андатпа**

XXI әлемдік қауымдастық инновациялық талаптарға тап болуда, бұл жоғары технологиялардың дамуы, ақпараттандыру, еңбек бөлінісі мен жұмыс күшінің сапасының өзгеруімен байланысты. Сонымен қатар, бүкіләлемдік жаһандану үрдісі халықаралық әріптестіктің және мемлекетаралық қатынастардың жаңа нысандарын ашып қана қоймай, саяси, экономикалық, әлеуметтік мәселелерді жаңа қырынан қарастыруды талап ететін қарама-қайшылықтарға әкеліп соқтыруда. Экономикалық кеңістіктің жаһандық өзгерістері ақпараттық қоғамға ауысумен, ЖІӨ қалыптастыруда жоғары технологиялардың рөлінің арутымен байланысты. Қазіргі таңда экономиканың әлемдік деңгейдегі даму кезеңі жергілікті және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігімен, сонымен қатар өндірістік сектордың инновациялық деңгейімен тығыз байланысты. Алайда инновациялық қызметтің тиімділігі мәселесінің мәні тек экономикалық есеп амалдары мен құралдарына ғана емес, сонымен бірге кәсіпорынның келешек дамуының нұсқаларын іздеуге де байланысты. Бұл инновациялық қызмет (инновациялық әлеует, инновациялық жоба) компоненттері дамуының түрлі нұсқалары барысында бағалау жүйесін қалыптастыру қажеттілігі туралы айтуға мүмкіндік береді. Мақалада өнеркәсіп кәсіпорындарын инновациялық дамуының негізі, оның экономикалық қатынастар жүйесіндегі орны мен рөлі қарастырылған.

Тірек сөздер: инновация, экономика, білім, инновациялық жобалар, технология, компоненттер, өндіріс, кәсіпорын.

Инновациялық қызметтің жай-күйі кез келген мемлекетте қоғам мен экономика дамуының маңызды индикаторы болып табылады. Дамыған елдерде инновациялық, саяси-мемлекеттік, әлеуметтік-экономикалық саясаттың құрамдас бөлігі. Инновацияның әлеуметтік-экономикалық даму үшін өзектілігі мен маңыздылығын ескере отырып, инновациялық және инвестициялық қызметті жандандыру мәселесі Қазақстан Республикасының экономикалық дамуының маңызды басымдықтары ретінде айқындалған.

Дамыған елдердің көпжылдық тәжірибесі экономика мен қоғамның дамуындағы табыс тек жаңа білім мен ғылыми-техникалық прогрестің арқасында ғана қамтамасыз етіле алатынын көрсетіп отыр.

Стратегиялық табысқа бағдарланған кәсіпорындар әлемдік рыноктағы үдемелі ішкі және сыртқы бәсекелестіктің арқасында инновацияны менеджменттің маңызды элементі ретінде қарастырады. Кәсіпорынның ұзақ мерзімді қызметі мен қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету кәсіпкерлік қызметтің табысын айқындайтын жаңа өнімдер, озық технологияларды енгізу арқылы қамтамасыз етіледі. Осыған байланысты инновациялық менеджменттің өзіндік формаларын жетілдіру қажеттілігінен туындаған басқарушылық қызметтің мазмұны өндірістің даму тактикасы мен стратегиясының инновациялық бағыттылығына жаңа талаптар қояды.

Өз кезегінде, бұған дейінгі болған білім кешенін үнемі қайта қарастырып отыру қажет, себебі әлемдік экономиканың құрылымдық өзгерістерінің, жаңа әлеуметтік-экономикалық және технологиялық сын-тегеуіріндерінің динамикалық тұрақсыздықтары өнеркәсіптегі инновациялық үдерісті ұйымдастыру түрлері мен әдістерін эволюциялық тұрғыдан үздіксіз бірте-бірте дамытады. Өнеркәсіптегі жаңа енгізілімдер үрдісі теориялық тұрғыдан көнерген болып көрінеді, бұл төменде көрсетілген келесі эволюциялық факторларға байланысты:

- ♦ өнеркәсіптік өндірісте өнертабыстық қызметтің өмірлік циклы мен қарқындары қысқартылды;
- ♦ қызметтер мен құзыреттіліктер инновациялық қызметі институционалдандыру есебінен мамандандырылды;
- ♦ өңдейтін өнеркәсіп инновациялық жүйеде маңызды рольге ие болды;

- ♦ жаңа енгізілімдерге қатысушылардың желілік өзара әрекет ету ұстанымдары белсенді пайдаланыла бастады.

Белгіленген факторлардың аркасында өнеркәсіп кәсіпорындарын инновациялық басқару әдістерін бұдан әрі дамыту төмендегі ғылыми-теориялық бағыттар арқылы мүмкін болады:

- ♦ өнеркәсіптік сектордағы инновациялық қызметтер егжей-тегжейлі зерделенуі тиіс;
- ♦ жаңа енгізілімдерге қатысушылардың өнеркәсіптегі институционалдық құрылымы қайта қарауға жатады;
- ♦ өнеркәсіптік кешеннің инновациялық үдерісіне қатысушылардың ұйымдық-экономикалық өзара әрекеті желілік парадигма [1] негізінде құрылуы шарт.

Көптеген ірі, орта және шағын кәсіпорындардан тұратын отандық өнеркәсіптегі инновациялық үрдістер еліміздің экономикасындағы жағдайлардың ерекшеліктерімен, сондай-ақ әлемдік өнеркәсіптің даму беталыстарымен айшықталған көптеген факторлардың ықпалында болады. Соңғыларға жататындар:

- ♦ біріншіден, батыстың мамандарымен «зауыттардың жасырын тозуы» деп аталған индустриялық дамудың жалпы мәселелері;
- ♦ екіншіден, соңғы жылдары әлемдік рынокта өндірістік-техникалық мақсаттағы өнеркәсіптік өнімнің іскерлік белсенділігінің баяулауы байқалады. Бұл көптеген дамыған мемлекеттердегі өндірістің мардымсыз кеңеюінен және көрсетілген өнімнің өткізілуінен байқалады;
- ♦ үшіншіден, отандық өңдеуші кәсіпорын тарихи жағынан қалыптасқан көпқұрылымдылығымен сипатталады, бұл түрлі деңгейдегі ғылыми-техникалық базаға негізделген техника мен технологияны бір уақытта сақтау және қызмет етуінде, ескірген технологиялар мен өндірістерде қор жинақтауда көрініс табады [2].

Нарықтық экономикалық қатынастарға көшуге орай тұтынушылардың отандық өнеркәсіптегі өнімдері мен технологиялардың инновациялық өзгерістерін ынталандыратын факторлар жүйесіндегі рөлі өзгереді. Бірақ нарық қажеттіліктерін қанағаттандыру зерттеулер мен әзірленімдер кезеңінен басталады, олардың басым бөлігі мамандандырылған ұйымдардың «Ғылым және ғылыми қызмет көрсету» салаларында орындалады. Сондықтан еліміздегі ғылыми саланың жай-күйін есепке ала отырып, тек сонан соң ғана отандық кәсіпорындағы инновациялық қызметтің келешегі мен қазіргі жай-күйі туралы айтуға болады.

Осы мәселе бойынша қолда бар статистикалық деректер ғылыми саланың жағдайын қанағаттанарлықсыз және нашарлап жатыр деп сипаттауға мүмкіндік береді.

Бұған өнеркәсіптік инновациялардың «қозғаушы» болып табылатын ғылыми ұйымдардың материалдық-техникалық базасының жай-күйін зерттеулері нақты дәлел бола алады. ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің деректеріне қарағанда ғылыми ұйымдардың машиналары мен құралдарының қолданылу мерзімі олардың 40%-ның 20 жылдан артық қолданылып жатқанымен сипатталады, әрі бұл негізінен зертханаларына, аспаптар мен өлшеу құрылғылары құралдарына қатысты екенін көрсетеді.

Жаңа техника үлгілерін жасаудың орташа ұзақтығы 2–3 жылды құрайды. Бұл, біздің ойымызша, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық қызметтің рыноктық қарқындылығын арттыру ынтасына инновациялық үдерістердің бастапқы кезеңдерін қаржыландыруды ұйымдастырумен байланысты қиындықтарға қарсы тұра білу деген сөз.

Мемлекеттік мақсатты бағдарламалар бойынша қаржыландырылатын әзірленімдермен салыстырғанда кәсіпорындар мен ұйымдардың бастамашыл әзірленімдері үлесінің тұрақты өсуі байқалады.

Көрсетілген статистикалық деректер өнеркәсіптегі негізгі көз және инновацияның қозғаушы болып табылатын ғылыми-техникалық саладағы жағдайдың дамуын тек қысқаша ғана сипаттауға мүмкіндік береді.

ҚР Статистика жөніндегі агенттігімен өткізілген өнеркәсіптік кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігін ішінара тексеру деректеріне сүйенсек, келесілер өнеркәсіптік кәсіпорындардың инвестициялық қызметін ұстайтын негізгі факторлар болып табылады [3]:

- ♦ өзіндік қаражаттарының болмауы (бұны кәсіпорын жетекшілерінің 53% көрсетеді);
- ♦ банктік несие пайызының жоғарылығы (35%);
- ♦ еліміздің экономикалық және саяси жағдайы (35%);
- ♦ жоғары инвестициялық тәуекелдер (33%);

- ♦ инвестициялық жобаларды іске асыру үшін кредит алудың қиындығы (31%);
- ♦ инвестициялық үдерістерді реттейтін нормативтік-құқықтық базаның жай-күйі (30%).

Инновациялық қызметті тиімді жүргізу кәсіпорынның инновациялық дамуының ұйымдық және экономикалық тетігін қамтамасыз ету мәселесін шешу барысында ғана жүзеге асырыла алады. Осындай қамтамасыз етудің негізінде кәсіпорындардың инновациялық дамуының түрлі кезеңдерінде жекелеген элементтерді іске асыруға ықпал ететін тетіктер тұжырымдамасы жатқызылуы мүмкін.

Инновациялық үдеріс пен кәсіпорынның инновациялық қызметін ұйымдық қамтамасыз ету кем дегенде үш бағытта болады:

- ♦ ұтымды дамушы инновациялық инфрақұрылым құру;
- ♦ кәсіпорындардың инновациялық өзгерістерге қабілеттілігін зерттеу;
- ♦ инновациялар, инновациялық жобалар, инновациялық әлеуетті ұйымдық компоненттер (ұйымдық элементтер) ретінде қалыптастыру [4].

ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша өткізілген статистикалық материалдар мен жарияланған өзге де жұмыстардың талдауы ғылыми-техникалық зерттеулер мен әзірленімдерге байланысты шығындар көлемінің арту үрдістерін көрсетеді. Жалпы, республика бойынша 2016 жылы зерттеулер мен әзірленімдер бойынша ішкі шығындар 2011 жылғы 14 580 млн теңгемен салыстырғанда 38 988 млн теңгені құрады немесе 2,7 есеге артты. Алайда, ЖІӨ-ге қатысты зерттеулер мен әзірленімдердің шығындар деңгейі 2011 жылы 0,25%-дан 2016 жылы 0,24%-ға дейін төмендеді.

Ғылыми-техникалық жұмыстар саласында орын алған шығындар деңгейінің артуы барысында, жалпы, республика бойынша өңірлерді көрсетілген шығындар көлемінің әрқелкі артуы байқалады. Өңірлердің басым бөлігінде олардың елеулі артуы орын алған, әсіресе Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарында барынша артқаны – 108 және соған сәйкесінше 71 есе, сондай-ақ Алматыда 17 есеге артқаны байқалады [5].

Орындалатын ғылыми-техникалық жұмыстар көлемінің артуы зерттеулермен және әзірленімдер айналысатын ұйымдар санының артуына әкеліп, олардың саны жалпы республика бойынша 2011 жылғы 295-тен 2016жылы 414-ке дейін, немесе 119 бірлікке дейін өсті. Өңірлерге бөліп қарағанда ұйымдардың басым саны Алматы қаласында – 66 бірлік және Астана қаласында – 33 бірлік құрылды, бүгінде олардың республиканың осындай ұйымдарының басым бөлігі шоғырланған, Алматыда – барлығы 193 бірлік, Астана қаласында – 43 бірлік немесе соған тиісінше зерттеулермен және әзірленімдермен айналысатын ұйымдардың жалпы санының 47% және 10% [5].

Зерттеулермен және әзірленімдермен айналысатын ұйымдар санының артуымен қатар кәсіпорын базасында әрекет ететін ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық бөлімшелер санының артуы да байқалады. 2016 жылдың соңына қарай осындай бөлімшелердің саны республикада 2009 жылдың аяғындағы 463 бірлікпен салыстырғанда 688 бірлікті құрады, яғни 225 бірлікке артты. Олардың басым бөлігі Алматы қаласында – 229 бірлік (83 бірлікке артқан), Қарағанды облысында – 137 бірлік (3 бірлікке артқан) және Шығыс Қазақстан облысында – 120 бірлік (65 бірлікке артқан) [5].

Зерттеулер және әзірленімдерді орындаған ұйымдарды бөлу құрылымдарының талдауы осындай ұйымдардың шамамен үштен бірін жоғары оқу орындары құрайды. Кәсіпкерлік сектор ұйымдарының үлесі 2009 жылғы 29%-дан 2016 жылғы 25,5%-ға дейін, ал мемлекеттік сектор ұйымдарының үлесі тиісінше 39%-дан 22,4%-ға дейін төмендеді.

Инновациялық өнім көлемінің өзгерісі 2009–2016 жылдары кезеңінде келесі сипатта болды. 2009 жылдан 2012 жылдар кезеңі аралығында инновациялық өнім көлемінің қарқынды – 74 718,5 млн теңгеден 156 039,9 млн теңгеге дейін артты, яғни 2 еседен артық өсті. Ал 2013–2016 жылдары аралығында кері жағдай орын алды – инновациялық өнім көлемі 152 500,6 млн теңгеден 82 597,4 млн теңгеге дейін, яғни 1,85 есеге кеміді [5].

Инновациялық қызметті қаржыландыру, негізінен, кәсіпорындардың инновациялық дамуындағы басты басымдық болып табылатын технологиялық инновацияларға шоғырландырылған. 2009–2016 кезең ішінде технологиялық инновациялардың шығындары республика бойынша 2009 жылғы 35,4 млрд теңгеден 2016 жылғы 61,1 млрд теңгеге дейін, яғни 1,7 есеге

артты. Облыстар арасында шығындардың артуының барынша жоғары қарқыны Атырау облысында (89 есе артқан), Ақмола облысында (14 есеге артқан), Павлодар облысында (6 есеге) [5]. Алайда, абсолютті мәндердің артқанына қарамастан, инновациялық өнімнің үлесі ЖІӨ-ге қарағанда жоғары деңгейде емес, тіпті 2009 жылғы 1,27%-дан 2016 жылы 0,51%-ға дейін төмендеген.

Инновациялық өнімнің құрылымын қарастыру барысында инновациялық өнімнің жалпы көлемінің шамамен 90% қайта енгізілген немесе айтарлықтай технологиялық өзгерістерге түскен өнімдер үлесі құрайтынын көрсетті.

Егер де кәсіпорындардың технологиялық инновацияларға қатысты шығындарының құрылымын меншік түрі бойынша қарастыратын болсақ, онда жекеменшіктегі кәсіпорындар үлесінің басым түсетінін көруге болады, яғни олардың үлесі 2009 жылғы 80,3%-дан 2016 жылғы 92,85%-ға артқан [5].

Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі 2004 жылдан бері жыл сайын өнеркәсіптердің ірі және орта кәсіпорындарының инновациялық қызметіне сараптамалық зерттеу жүргізеді.

Кәсіпорын жетекшілерінің неғұрлым өзекті мәселелер бойынша сауалнамаларын, сондай-ақ жарыққа шыққан статистикалық деректерін талдау және қорытындылау кәсіпорындардың инновациялық амалдарының түрлі құралдарын және кәсіпкерлердің осы саладағы таяудағы жоспарларын барынша толық көрсетуге мүмкіндік береді. Инновациялық қызмет өнеркәсіп кәсіпорындарының инновациялық дамуына қатысты нақты мәселелерді зерттеуді қажет етеді және бұл мынадай істерді атқаруға мүмкіндік береді:

- ◆ инновациялық қызметті жүзеге асыратын өнеркәсіптік кәсіпорындардың түрлері мен құрылымын айқындау;

- ◆ экономиканың өнеркәсіптік секторында инновациялық қызмет ауқымын анықтау;

- ◆ өнеркәсіп секторындағы инновациялық қызметтің тиімділігін нарық сұранысына сәйкес оның түпкілікті нәтижелеріне қанағаттануы тұрғысынан бағалау;

- ◆ өнеркәсіп кәсіпорындарын инновациялық белсенділіктері үрдістерінің салыстырмалы талдауын жасау;

- ◆ инновациялық қызметті қаржыландыру көздерінің құрылымдары мен бағыттарын айқындау;

- ◆ өнеркәсіп кәсіпорындарын инновациялық белсенділіктерінің қазіргі ахуалын анықтау.

Бұдан басқа, бұл мәліметтер өнеркәсіп кәсіпорындарын инновациялық қызметті бағалау және мониторинг үшін, сондай-ақ мемлекеттік органдарға, республикалық деңгейде болсын, өңірлік деңгейде болсын, жедел басқарушылық шешімдер қабылдау үшін қажет.

Өнеркәсіп кәсіпорындары жетекшілерінен алынған сауалнамаларға қарағанда, олардың ойынша, инновациялық қызметті тоқтататын факторлардың арасында басым болып табылатындары [5]:

- ◆ өзіндік қаражаттарының тапшылығы – 58%;

- ◆ білікті қызметкерлердің жетіспеушілігі – 18%;

- ◆ жоғары қаржылық сын-қатер – 15%;

- ◆ инновациялық қызметтің дамуын ынталандыру тетіктерінің жоқтығы – 13%;

- ◆ жоғары салық мөлшерлемесі – 13%.

Инновациялық өнім көлемінің, сондай-ақ шығарылатын өнім сапасының артуын өнеркәсіп кәсіпорындарын инновациялық қызметтің негізгі нәтижелері деп санайды.

Кәсіпорынның инновациялық дамуын белгілі бір деңгейін ғылыми зерттеулер мен әзірленімдерге, сондай-ақ жаңа технологиялар, машиналар және технологиялық инновациялармен байланысты құралдарды, жаңа технологияларды алуға бөлінетін шығындар көлемі бойынша бағаланады.

2009–2016 жылдар арасында технологиялық инновациялар шығындары құрылымының талдауы шығындардың жалпы көлемінің 67 088,9-дан 235 501,7 млн теңгеге дейін, яғни 3,5 есе артқанын көрсетті. Технологиялық инновациялармен байланысты сатып алынған жаңа технологиялар, машиналар мен құралдардың шығындары ғылыми зерттеулер мен әзірленімдерге

жұмсалған шығыннан 2,4 есеге, ал сатып алынған жаңа технологиялардың шығындары 9,5 есеге артты [5].

Өнеркәсіп кәсіпорындарын инновациялық дамуын талдау ғылыми зерттеулер мен технологиялық инновацияларды қаржыландыру деңгейінің төмендігін, ғылым мен технологияның даму деңгейінің жеткіліксіздігін, ғылым, бизнес және өндіріс арасындағы байланыстың мүлде жоқтығын көрсетеді. Мысалы, дамыған еуропалық мемлекеттерде технологиялық инновацияларды жүзеге асыратын кәсіпорындардың үлесі 40–50%-ды құрайды, ал Қазақстанда 2016 жылы бұл үлес 4,3%-ды құрады. Ғылыми зерттеулер мен әзірленімдердің ішкі шығындары 2016 жылы ЖІӨ-ге қатысты 0,16%-ға дейін төмендеді.

Қазақстанда 2016 жылы технологиялық инновацияларды әзірлеу және енгізуді жүзеге асыратын кәсіпорындар үлесі отандық өнеркәсіп кәсіпорындарының жалпы санының 4,0%-ын құрады, бұл дамыған еуропалық мемлекеттерге тән көрсеткіштен анағұрлым төмен: Германияда – 71,8%, Бельгияда – 53,6%, Эстонияда – 52,8%, Финляндияда – 52,5%, Швецияда – 49,6%, ал Ресейде бұндай кәсіпорындардың үлесі 9,4%-ды құрады [6].

Жалпы республика бойынша 2016 жылы 2009 жылғымен салыстырғанда 2,7 есеге артты. Алайда, ғылыми зерттеулер мен әзірленімдердің ішкі шығындарының ЖІӨ-ге қатысты деңгейі төмендеді және 2016 жылы небәрі, 16%-ды ғана құрады. Бұл Ресеймен – 1,04% есе салыстырғанда төмен, орташа дамыған елдермен салыстырғанда он есе төмен (2,5–4,5%), «екінші» эшелон елдерінен – 1,5–2,5%-ға төмен [6].

Өнеркәсіп өндірісінің инновациялық дамуына жүргізілген талдау ғылыми зерттеулер мен технологиялық инновацияларды қаржыландыру деңгейінің төмендігін, ғылым мен техниканы дамыту деңгейінің жеткіліксіздігін, ғылым, бизнес және өндіріс арасындағы байланыстың іс жүзінде жоқтығын көрсетеді.

Қорыта келе, инновациялық даму тетіктері мен оның әдіснамалық базасының әлсіздігі кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейінің төмен болуының басты себептерінің бірі екендігі айтамыз.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Ломакин В. Мировая экономика: ЖОО арналған оқулық. – 3-басылым, қайта өнд. және толық. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2012. – 758 б.
- 2 Толысбаев Б.С., Цуриков С.В. Стратегические ресурсы и организационные способности как неотъемлемый элемент инновационной стратегии и устойчивых конкурентных преимуществ компании // Научный журнал Российской Федерации. Сибирская финансовая школа. – 2012. – № 4(93). – С. 135–142.
- 3 Hurlley J. Innovation in governance and public services: Past and present. Public Money and Management, p. 27–34, 25 January 2015.
- 4 Суслов В.И. Инновационная экономика: общие положения // Алтай экономика және құқық академиясының хабаршысы. – 2015. – № 1. – Б. 15–24: <http://elibrary.ru/download/18408334.pdf>.
- 5 Промышленность Казахстана // ҚР Статистика агенттігінің Статистикалық жинағы. – 2016: // [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz).
- 6 Казахстанский статистический ежегодник // ҚР Статистика агенттігінің Статистикалық жинағы. – 2016: // [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz).
- 7 Загоскина А.Н. Формирование стратегии управления институтами развития (на примере ФНБ «Самрук-Казына»): экон. ғыл. канд. дис. ... авторефераты. – Алматы, 2010. – 30 б.

## Аннотация

В XXI в. мировое сообщество сталкивается с инновационными вызовами, связанными с развитием высоких технологий, информатизацией, изменением содержания труда и качества рабочей силы. При этом процесс глобализации порождает как новые формы международного сотрудничества и межгосударственных отношений, так и новые противоречия, требующие новых подходов к решению политических, экономических и социальных проблем на всех уровнях их проявления. Глобальные изменения структуры экономического пространства обусловлены переходом к информационному обществу, интернационализацией и интеграцией производственного процесса, изменением роли высокотехнологичного сектора в формировании ВВП и сменой парадигмы конкурентоспособности. На современном этапе развития мировой экономики ключевым

фактором национальной и локальной конкурентоспособности однозначно определяется уровень инновационности промышленного сектора. Однако сущность проблемы эффективности инновационной деятельности состоит не столько в инструментарии и результатах экономических расчетов, сколько в поиске вариантов перспективного развития предприятия, что позволяет говорить о необходимости формирования систем оценок компонентов инновационной деятельности (инновационного потенциала, инновационного проекта) при различных вариантах развития. В статье рассматривается сущность управления инновационным развитием промышленных предприятий, его место и роль в системе экономических отношений.

Ключевые слова: инновация, экономика, знания, инновационные проекты, технология, компоненты, производство, предприятие.

### **Abstract**

In the XXI century the world community faces the innovative calls connected with development of high technologies, information, change of content of work and quality of labor. At the same time process of globalization generates as new forms of international cooperation and the interstate relations, and new contradictions, demanding new approaches to the solution of political, economic and social problems at all levels of their manifestation. Global changes of structure of economic space are caused by transition to information society, internationalization and integration of industrial production, change of a role of hi-tech sector in formation of GNP and competitiveness paradigm shift. At the present stage of development of world economy a key factor of national and local competitiveness defines the level of innovation of industrial sector unambiguously. However, the essence of the problem of the effectiveness of innovation activity is not so much in the tools and results of economic calculations, but rather in the search for options for the long-term development of the enterprise, which makes it possible to talk about the need to create systems for assessing the components of innovation activity (innovation potential, innovation project) under different development options. In the article the essence of management of innovative development of the industrial enterprises, its place and a role in system of the economic relations is considered.

Key words: innovation, economy, knowledge, innovational projects, technology, components, production, industrial, enterprises.